

Халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 149 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 24 мамырда № 2930 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2009 жылғы 30 наурыздағы № 89 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2009.03.30 № 89 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Халықты жұмыспен қамту туралы" Зандарын басшылықта ала отырып және "Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы № 68 қаулысын орындау үшін және халықтың нысаналы топтарын әлеуметтік қорғау жөнінде қосымша шаралар белгілеу мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыру Ережесі қосымшадағына сәйкес бекітілсін (бұдан әрі - Ереже).

2. Орал қаласының және аудандардың әкімдері:

1) әлеуметтік жұмыс орындарын ашуды және қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны іске асыру жөніндегі басқа да қажетті шараларды алсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. С. Иманғалиевке жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімдігінің
2005 жылғы 3 мамырдағы
№ 149 қаулысымен
бекітілген

**Халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыз
азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік
жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыру
Ережесі**

Осы Ереже халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыруға арналған әлеуметтік жұмыс орындарын үйымдастыру мен қаржыландыру тәртібін айқындайды, әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын үйымдармен (меншік түріне қарамастан) жасалатын негізгі шарттар мен есеп айырысу жүйесін реттейді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) әлеуметтік жұмыс орны - халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыздарды арнайы жұмысқа орналастыру үшін жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелген, жергілікті бюджет есебінен жұмысқа қабылданған қызметкерлерге жұмыс берушілер жалақы төлеу шығынының бір бөлігіне өтемақы жасайтын жұмыс берушілердің ашқан немесе ұсынған жұмыс орны;

2) нысаналы топтар - жұмысқа орналасуда қындық көріп жүрген және әлеуметтік қорғауды талап ететін адамдар ретінде "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген адамдар топтары.

2. Әлеуметтік жұмыс орнына орналасқан жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заң актілері қолданылады.

3. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар әлеуметтік жұмыс орнына орналастыру үшін жұмыссыздарға жолдама беруді жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру мен үйымдастыру тәртібі

4. Халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орнын жергілікті (қалалық, аудандық) бюджет қаражаты есебінен жұмысқа қабылданған жұмысшыларға еңбекақының бір бөлігін төлеу шарты негізінде кәсіпорындар мен үйымдар ұсынады немесе ашады.

5. Әлеуметтік жұмыс орнын ұсынатын немесе ашатын кәсіпорындар мен үйымдарды іріктеу, тізбесін анықтау мен әлеуметтік жұмыс орындарының санын, мерзімі және қаржыландыру шартын қала (аудан) әкімдері жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерімен бірлесіп айқындайды.

6. Мекемелерді іріктеу кезінде әлеуметтік жұмыс орнына қабылданған жұмысшылардың одан әрі тұрақты жұмысқа орналасуына кепілдік беретін кәсіпорындар мен үйымдарға басымдылық беріледі.

7. Аудандық, қалалық жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орнына олардың келісімімен жібереді.

8. - тармақ алғынып тасталды - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2005.12.06 № 399 Қаулысымен.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың тәртібі мен көздері

9. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті бюджет қаражаты мен жұмыс берушілердің қаражаттары болып табылады.

10. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жұмыс берушілермен қалалық (аудандық) бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік жұмыс орнына қабылданған жұмысшылардың еңбекақысын төлеудің бір бөлігін өтеуге келісім шарт жасайды.

11. Жұмыс берушілер әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа қабылданған жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу шығынын жергілікті бюджет қаражатынан жұмысшыларға бекітілген еңбекақының 50 пайзы мөлшерінде өтейді, бірақ республика бойынша бекітілген ең төменгі еңбекақыдан кем болмауы және 6 айдан аспауы керек.

12. Әлеуметтік жұмыс орнына қабылданған жұмысшыларға еңбекақының бір бөлігін төлеу жұмыс берушінің есеп айырысу шотына бюджет қаражатынан аударылады.

13. Әлеуметтік жұмыс орнына қабылданған жұмыссыз азаматтарға еңбекақы төлеу, жұмыс берушілермен жеке келісім шарт жағдайында және орындалған жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне сәйкес ай сайын жүзеге асырылады.

14. Жұмыс берушілер еңбекақы төлеу шығының өтеу үшін жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға оған белгіленген айлығы көрсетілген жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін үш күн мерзім ішінде, ай сайынғы жұмыс күнін есепке алатын тізімдік пен жолдайды.

15. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу нақты орындаған жұмыс көлеміне немесе нақты жұмыс істеген уақытына қарап беріледі.

16. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа қабылданған жұмыссыздарға төленген табысынан заңнамада белгіленген тәртіппен салық салынады.

17. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жұмысшы мен жасасқан жеке еңбек шарты мерзімнен бұрын бұзылған жағдайда, жұмыс беруші

уәкілетті органды қатерлейді және үш күн мерзім ішінде жұмыстан шығару туралы бұйрық көшірмесін жолайды.

18. Мекеменің есеп айырысу шотына түскен жұмыссыздардың еңбекақысының бір бөлігін төлеу үшін белгіленген бюджет қаражатын мақсатсыз пайдаланған жағдайда, оған жұмыс берушілер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жауап береді.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландырудың тәртібін бақылау

19. Халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландырудың Ережесін бақылауды уәкілетті органдар мен мемлекеттік органдар құзыреттері шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.